

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023

1. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.



сатып алу



тамақ ішу



үй жинау



кино көру



ыдыс жуу



ұйықтау



тамақ пісіру



жуыну



демалу



киіну



сөйлесу



танысу



үтіктеу



серуендеу



қоқыс шығару



кітап оқу



кір жуу

Өткен шақ

Етістік+ (-ды, -ді, -ты-, ті) + жіктік жалғауы

Мен	бар+ды+м	кел+ді+м
	қайт+ты+м	кездес+ті+м
Сен	бар+ды+ң	кел+ді+ң
	қайт+ты+ң	кездес+ті+ң
Сіз	бар+ды+ңыз	кел+ді+ңыз
	қайт+ты+ңыз	кездес+ті+ңыз
Ол	бар+ды	кел+ді
	қайт+ты	кездес+ті



2. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Мен	Сен	Сіз	Ол
сатып ал+ды+м	сатып ал+ды+ң	сатып ал+ды+ңыз	сатып ал+ды
кино көру			
ұйықтау			
демалу			
тамақ пісіру			



3. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

а) Айжан мен Анар _____ . Олар сауда үйіне _____ . Айжан қызыл көйлек _____ . Олар 2-қабаттағы дәмханаға _____ . Анар кофе _____ , Айжан балмұздақ _____ .

ә) Анар: Кеше не істедің?

Айжан: Кино _____ , _____ . Сен ше?

Анар: Мен үй _____ , кір _____ , киім _____ .

Айжан: Тамақ _____ бе?

Анар: Жоқ. Анам _____ , мен _____ .

Айжан: Анар, кеше Әлкеймен _____ .

Анар: Әлкеймен _____ бе?

Айжан: Жоқ телефонмен _____ . Ол Қарағандыға _____ .

48



4. Мәтіннің көмегімен қажетті нұсқаны таңдаңыз.

барды/ бардым
Айжан мен Анар сауда үйіне _____ .

сатып алды/сатып алдым
Айжан қызыл көйлек _____ .

ішті/ жеді
Олар кофе _____ ,
балмұздақ _____ .

сөйлесті/кездесті
Айжан Әлкеймен _____ .

үтіктедім/ жудым
Мен кір _____ ,
киім _____ .

ет асты/кір жуды
Анардың анасы _____ .

жинады/жинадым/жинадыңыз
Анар үй _____ .



5. Қажетті қосымшаны таңдаңыз.

+ды / +ді
Айжан мен Анар сауда үйіне бар _____ .

+ңіз / +ңыз
Сіз тамақ ішті _____ бе?

+ң / +м
Мен әдемі сәмке сатып алды _____ .

+ты / +ті
Айжан телефонмен сөйлес _____ .

+ң / +ңыз
Сен қонаққа барды _____ ба?

+ң / +м
Сен дүкенге барды _____ .



6. Сәйкестендіріңіз.

Мен	үй жинадың ба?
Сен	сөйлестіңіз бе?
Сіз	сөйлесті.
Ол	кездестім.
Мен	бардың ба?
Сен	тамақ ішті.
Сіз	үй жинадым.
Ол	сөйлестіңіз бе?



7. Үлгінің көмегімен орындаңыз.

пісіру/тамақ/Айжан Айжан тамақ пісірді.	Анар/ бару /дүкенге
Олар/сауда/үйіне/бару	
киім/олар /сатып алу	Мен / жуу /ыдыс
	Айжан /сатып/алу/көйлек
	келу/Әлкей/Қарағандыға



8. Үлгінің көмегімен орындаңыз.

сөйлесу	бару	жуу	сатып алу	үтіктеу	
үтіктеу	ішу	пісіру	жинау	асу	бару
Мен кеше киноға _____ <i>бардым</i> _____ .		Әкем шай _____ .			
Айжан тамақ _____ .		Мен киім _____ .			
Анар Әлкеймен _____ .		Анар көйлек _____ .			
Анам ет _____ .		Досым қонаққа _____ .			
Сіз ыдыс _____ ба?		Сен киім _____ бе?			
Сен киім _____ бе?		Анар үй _____ .			



9. Тиісті есімдіктерді жазыңыз.

Мен	Сен	Сіз	Ол
_____ ыдыс жудыңыз ба?		_____ досыңа қонаққа бардың ба?	
_____ ет астым.		_____ көйлек сатып алды ма?	
_____ кеше киноға барды.		_____ телефонмен сөйлестіңіз бе?	
_____ шай ішті.		_____ кеше ет асты ма?	
_____ киім үтіктедіңіз бе?		_____ дүкенге бардың ба?	
_____ тамақ пісірді ме?		_____ сауда үйіне бардым.	



10. Берілген сөйлемдерді үлгінің көмегімен өткен шақта жазыңыз.

Сен кофе ішесің бе?	Сен кофе іштің бе?
Таңғы ас пісіресің бе?	
Астана қаласына барасың ба?	
Саябаққа барасың ба?	
Құрбыммен кездесемін.	
Фирмада жұмыс істеймін.	
Классикалық шығармалар оқимын.	
Ол бөлмесін тазалайды.	
Мен анамды құттықтаймын.	
Ол спорт жарыстарына қатысады.	